



АБАЙ КҮНІНЕ
АРНАЛҒАН
АҢДАТПА

Читайте нас на сайте sarangazeti.kz, а также в [Instagram](https://www.instagram.com/sarangazeti) [Facebook](https://www.facebook.com/sarangazeti) [YouTube](https://www.youtube.com/sarangazeti) [LinkedIn](https://www.linkedin.com/sarangazeti) [TikTok](https://www.tiktok.com/sarangazeti) [VK](https://www.vk.com/sarangazeti) [Odnoklassniki](https://www.odnoklassniki.ru/sarangazeti) [MySpace](https://www.myspace.com/sarangazeti) [Last.fm](https://www.last.fm/music/sarangazeti) [Bandcamp](https://www.bandcamp.com/sarangazeti) [Deezer](https://www.deezer.com/sarangazeti) [Spotify](https://www.spotify.com/sarangazeti) [SoundCloud](https://www.soundcloud.com/sarangazeti) [Podomatic](https://www.podomatic.com/sarangazeti) [YouTube](https://www.youtube.com/sarangazeti) [Vimeo](https://www.vimeo.com/sarangazeti) [Dailymotion](https://www.dailymotion.com/sarangazeti) [Vevo](https://www.vevo.com/sarangazeti) [YouTube](https://www.youtube.com/sarangazeti) [Vimeo](https://www.vimeo.com/sarangazeti) [Dailymotion](https://www.dailymotion.com/sarangazeti) [Vevo](https://www.vevo.com/sarangazeti)

Ермағанбет Бөлекпаев белсенді тұрғындарды нашақорлықтың алдын алу шараларына қатысуға шақырады

gov.kz

Биыл облыста заңсыз айналымнан 185 кг түрлі есірткі заттары тәркіленді, 65 сайт пен аккаунт бұғатталды, олар арқылы есірткі таратылып, жарнамаланған.

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жастар ісі жөніндегі кеңестің отырысында нашақорлықтың алдын алудың жаңа әдістерін іздеуді тапсырды. Ол белгілі қарағандылықтарды, қоғам белсенділері мен кәсіпкерлерді психотроптық заттардың таралуына қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысқа белсенді қатысуға шақырды.

– Бұл проблема үндемей қоя салатын мәселе емес. Жаһандық мәселе. Нашақорлыққа қарсы профилактикалық жұмысты күшейту қажет, – деді Ермағанбет Бөлекпаев. – Көптеген жасөспірімдер өз әрекеттерінің салдарын түсінбейді немесе дұрыс бағаламайды, бір рет қолданнан ештеңе

болмайды деп санайды. Оларға, әрине, теріс жолға салынған ортасы, ата-аналарының назарынан тыс қалуы әсер етеді. Біз жастарға балама ұсынуымыз керек, оларды пайдалы іс-шаралармен, спортпен немесе басқа да бос уақыттарын қызықты ететіндей шаралармен баурап алуымыз керек.

Полиция қызметкерлері есірткі мен психотроптық заттардың айналымына қарсы белсенді күрес жүргізуде. Алайда бұл жеткіліксіз, деп атап өтті әкім. Ол облыс тұрғындарының күш-жігерін біріктіруге шақырды.

– Статистикаға сәйкес, есірткінің дәмін алғаш татып көру 15–17 жаста болады. Нашақорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысқа барлық по-



лиция қызметтері, жұртшылық пен еріктілер жұмылдырылған. Биыл есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлімшелерінің қызметкерлері заңсыз айналымнан 185 кг түрлі есірткі, оның ішінде синтетикалық заттарды тәркіледі, – деді Қарағанды облысы ПД бастығының орынбасары Құрманғали Исмағұлов. – Есірткіні тарату және жарнамалауды жүзеге асырған 65 сайт пен аккаунт бұғатталды.

«Қарағанды жастары» Жастар ресурстық орталығының қызметкерлерімен бірлесе отырып, тәртіп сақшылары есірткі заттарын жарнамалайтын және насихаттайтын 700-ден астам жазба мен граффитиді жойды. Сондай-ақ олар 100-ден астам ойын-сауық мекемелерінің басшыларымен есірткі және психотроптық заттардың таралуына жол бермеуге қатысты ынтымақта-

стық туралы меморандумдар жасасты. Өткен оқу жылында оқушылар арасында есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымы, сондай-ақ олардың зияны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы бейнероликтер көрсетіліп, мыңнан астам дәрістер мен әңгімелер өткізілді.

Екі апта бұрын облыстық полиция департаментінің базасында еріктілер қозғалысы форумы өтті, оған екі мыңнан астам оқушы мен студенттер қатысты. Іс-шарада құқық бұзушылықтардың, оның ішінде нашақорлықтың алдын алу бойынша одан әрі бірлескен жұмыс формуласы әзірленді. Жастар үшін салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған белгілі тұлғалардың қатысуымен бірқатар бұқаралық спорттық іс-шаралар жоспарланған.

РЕФОРМЫ В ДЕЙСТВИИ

В ФОКУСЕ ВНИМАНИЯ ДЕПУТАТОВ

Надежда ЦХАЙ

Пятая внеочередная сессия Саранского городского маслихата под председательством О. Баймаганбетова состоялась третьего августа.

В работе приняли участие депутат Карагандинского областного маслихата В. Шнель, исполняющий обязанности акима города А. Сулейменов, заместитель акима Е. Баулыков, аким п. Актас Б. Аканов, руководители государственных учреждений.

Вопросы повестки дня прошедшей сессии были рассмотрены днем ранее, на совместном заседании постоянных комиссий, поэтому депутаты заслушали доклады руководителя ГУ «Отдел экономики и финансов г. Сарани» Е. Чирковой и акима п. Актаса Б. Аканова.

На рассмотрение депутатов были предложены уточнения в трехлет-

ний бюджет Сарани и Актаса, которые вносятся в связи с распределением свободного остатка бюджетных средств и экономии по государственным закупкам. Эти уточнения касаются различных направлений жизнедеятельности города Сарани и поселка Актас. Среди важных направлений - строительство инженерных коммуникаций к строящимся домам, ремонт автомобильных дорог, благоустройство и санитарная очистка, содержание скверов, субсидирование пассажирских перевозок, управление коммунальным имуществом и многое другое.

Обращаясь к руководителям го-



сударственных учреждений, и в первую очередь к представителям коммунальной сферы, председатель городского маслихата О. Баймаганбетов призвал активизировать работу, особенно касающуюся запросов и предложений депутатов в области благоустройства и санитарной очистки. Регулярно депутаты городского маслихата проводят выездные заседания, мониторинг содержания скверов, уборки ав-

томобильных дорог, контролируя соблюдение графиков, качество проводимых работ. Эти вопросы находятся в фокусе постоянного внимания депутатов.

В свою очередь исполняющий обязанности акима города А. Сулейменов сделал акцент на совместной работе местной представительной и исполнительной власти, направленной на улучшение жизни горожан и сельчан.

АБАЙ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА



Дайындаған
Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

Қазақстандықтар ертең Абай күнін атап өтеді. Бұл ұлт ретінде ұзақ күткен мерейлі күн. Қазақстан үкіметінің қаулысымен 10 тамыз Абай күні деп белгіленген. Өшкені жанып, өлгені тірілген қазақ ұлысының ұлықтар құндылықтары, әрине көп. Соның ішінде Алаш баласының рухани құбыласы – Абай құбылысын ерекше құрметтеу баршамызға бұлжымас парыз.

Десе де Абай хәкімнің бай мұрасын, оның асқақ тұлғасын биік тұғызға шығару бір күнге байланып қалмайтыны белгілі. Дегенмен дербес күн белгіленіп, Үкімет тарапынан қаулы қабылдануы қазақ баласының тағы бір жаңа белеске көтерілгендігін көрсетеді. Қазақтың ұлттық ақыл-ойының ең асқар шыңына қандай құрмет көрсетсек те жарасады.

Осы тұста кейбір адамдарда «Бұл күні біз үшін несімен құнды? Абай күнін мерекелудің бізге қажеті бар ма? Біз осыған мұқтажбыз ба?», - деген сұрақ туындауы мүмкін. Әрине, қажет. Тіпті, мен былай айтар едім: Абай бізге мұқтаж емес, біз Абайға мұқтажбыз. Неге? Онда тыңдаңыз!

Абай өз ұлтына бақыттың жолын нұсқады. Өз ортасынан жанды мысалдар беріп, көз алдында жүрген адамдарды өз тілімен суреттеді. Жамандықты соқырға таяқ ұстатқандай көрсетті. Қазақ үшін Абайдың Абайлығы осы болса керек. Ойшыл «мені тану үшін кір іздемей таза көңілмен келіп ішіме үңіл» деп ескертеді. Біреуді сыртынан естіп, жек көріп барсаң өңгіменің еш жараспайтыны сияқты, бүгінде жазғанды оқымай жатып, оқысада ішіне үңілмей жатып, не түсіп қалған бір әріпке, не ауысып қойылған бір үтірге сын айтатындар бар. «Тыңдағыш қанша көп болса, сөз ұғарлық кем кісі» дейді Абай, осы арада бізге ішкі жан-дүниеге үңілу керектігін айтып кеткендей. Демек Абайдың әр сөзі әр заманға қарай талдай алсаң талдана беретін уақыт, мекен кеңістігінен шығып кеткен дүр сөздер. «Арғын, Найман жиылса, таңырқаған сөзіме» деп өзі жазып кеткендей ақынның әр сөзінде ат көтере алмас атан түйенің жүгі бар.

Ақынның дүниетанымы, озат ойлары, салмақты сөздері, өзектілігін жоймайтын пәлсапасы қай жерде, қай ортада, қай елде болмасын өтімді. Оның адамзатқа ауадай қажет туындылары ешқашан өлмейді. Керісінше зерделеніп, зерттеле береді. Расында «Мен бір жұмбақ адаммын...» деген ғұламань сырлы әлемі әлі де жұмбақ. Абайды оқыған сайын жаңарып, тазара бересің. Тереңіне бойлаған сайын ойлана түсесің. Мына сұлу дүние есігін ашып, рухани құндылыққа ұмтылғысы келген

әрбір адам, Абайдың шығармаларымен етене танысу керек. Өйткені Абай қай заманда болмасын ұлы кемеңгер болып қалады. Абайдың ойы, ақынның толғанысы, данышпанның қайғысы – бүгіндей тіршіліктің үні, тұтас қоғамның сөзі деп ұғынатын уақыт келді. Абай адамзат тарихында енді қайтып келмейтін тұлға. Иә, Абай надандықтың құлпы, адамдықтың кілті. Абай мектебі – руханияттың көрсеткіші бұлағы! Оның тағлымын таныған кісі кемел келешекке бет бұратыны ақиқат. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен озым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық» дейді данышпан. Демек, біз Абайдың жарық, нұрлы әлемімен сусындаған сайын, ғылым, білімге ұмтылып, өнер үйренеміз. Ондай адамның болашағы бұлыңғыр тартпасы хақ.

Биыл осымен төртінші рет мемлекеттік мереке ретінде тойланайын деп отырған Абай күні – бізге жол көрсетіп тұрған жарық шамшырақ секілді жылуын шаша жарқырап тұрғандай. Осыдан тура 178 жыл бұрын Шыңғыстаудың Ералы жазығында шыр еткен қазақ дауысы – Алаш бағдар тұтқан жарық темірқазыққа айналды. Бұл күн – біртұтас қазақ баласын бірлікке шақыратын, адамгершілікке үндейтін, «бірінді қазақ бірін дос» тұтатын қастерлі күн!

Ендеше, атаулы күнге орай еліміздің әр өңірінде Хәкім Абайды ұлықтауға, оның асыл қазынасын дәріптеуге арналған іс-шаралар легімен танысып өтсек.

Саран қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі ел тарихындағы айтулы мереке – Абай күніне орай барша сарандықтарға бірқатар іс-шаралар ұсынбақ.

Ел руханияты үшін айрықша мерекеге орай, 10 тамыз күні сағат 18:00-де Саран қаласының мәдениет үйі орналасқан зәулім ғимараттың артындағы алаңда Мәдениет бөлімі мен Саран қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі бірлесіп отыра «Абай үні – халық үні» атты поэзия кешін өткізбек.

Бұдан бөлек, дәл осы күнде орталықтандырылған кітапхана жүйесі №3 кітапхана филиалында сағат 12:00-де «Абай - дара, Абай дана қазақта» атты поэтикалық слэм, дәл осы уақыттарда № 4 кітапхана филиалында «Абай: величие полета» атты Абай оқулары, № 2 отбасылық оқу кітапханасында «Абай Құнанбаевтың «Ғажалия» - «Қара сөздер» кітабының 125 жылдығына арналған «Белгілі қайраткерлердің Абай туралы айтқандары» көзқарастар галереясы» атты іс-шара өткізуді жоспарлап отыр.

«Ұлт руханиятының темірқазығына айналған Абайдың 175 жылдығы аясында «Абай күні» деген атаулы датаның белгіленуі – барлық қазақстандықтар үшін қуанышты жаңалық болғанын білесіздер. Ұлы Абайдың бай шығармашылық мұрасында ұлттық өнеге мен мол тағылым жатыр. Сондай-ақ поэтикалық және композиторлық туындыла-

АБАЙ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН АҢДАТПА

Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек: біріншісі – зор билік, екіншісі – есепсіз байлық.

Абай Құнанбайұлы

рымен қазақ музыкасына жаңа леп әкелген Абайдың ән мұрасы ерекше сұлулығымен, көркемдік байлығымен, әуезділігімен құнды. Біз ұсынып отырған іс-шаралар легінде Абайдың шығармашылығына ғана тән бағдарламалар көрініс табады», - деп бөлісті бізбен тілдескен сәтте Саран қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Ғалия Тохметова.

Сонымен қатар, Ғалия Төлегенқызының мәлімдеуінше, орталықтандырылған кітапхана жүйесінің кітапханаларында «Абайды оқымыз - Читаем Абая» (№4 кітапхана филиалы), «Абай - дара, Абай - дана қазақта» (№3 кітапхана филиалы), «Вся мудрость в книгах» (№1 отбасылық оқу кітапханасы) атты кітап көрмелері ұйымдастырылмақ.

Бұл көрмелер арқылы біз оқырмандарды Абай Құнанбаевтың шығармаларымен, оның өмірі мен қызметі туралы әдебиеттермен, сондай-ақ ақын шығармашылығын зерттеушілердің еңбектерімен таныстыруды көздеп отырған жайымыз бар дейді ұйымдастырушылар.

Ендігі кезекте осы Абай күнін ұлықтауға қатысты өз ойымызды айта кетсек дейміз. Бұл жалғыз менің ғана ойым емес, бұл жан-жақты зерттеп-зерделенген, жан-жақтан жиналып – жасақталған еліміздегі орта буын өкілдерінің ойы деп қабылдаңыздар.

Кез-келген дүниені ұлықтау ең алдымен билік пен БАҚ қолында екені рас. Әрине ұлы ақын аз насихатталып жүрген жоқ. Бұл жерде туындайтын сұрақ «дұрыс насихатталып жүр ме?». Себебі, әр сөзге «Абай осылай депті» деу бір бөлекте, «Абай осы жерде осыны айтқысы келіпті» деп талдау ұсыну бір бөлек. Мысалы, бастауыш сыныптан «Ғылым таппай мақтанба» деп жатқа айтып келудеміз, бірақ ешкім жас балаға адам үшін ғылымның маңызы қандай екенін түсіндірмейді. Ал ол бала өскен соң барып қана ғылымның маңызын түсінуі кеш болады. Насихаттаған кезде тек қазақтың ұлы ақыны ретінде емес, әлемдік дәрежедегі кемеңгер тұлға ретінде танытуға да барынша күш салғанымыз абзал. Себебі, Абайдың бала кезден-ақ әлемнің түрлі ғұламаларының шығармашылығымен таныс болып өскені рас. Өз кезегінде оның бәрі Абайды «толық адам» ретінде қалыптасуына өз септіктерін тигізді.

Тағы да бір дұрыс түсіндірілуі қажет дүние - бүгінгі жаңа технология мен инновациялардың ғасырында өз ұлттық қадір-қасиеттеріміздің маңызы. Себебі, жастардың Батыс Еуропа, Америка және Шығыс Азия мемлекеттерінің бүгінгі дәрежеліне еліктей отырып, қаңсықтарына да таңсық болып отырғаны өкінерлік жайт. Қазіргі мемлекеттер мен ұлттар арасындағы өзара бәсекелестік адамгершілік қасиеттерді аттап кетуге тырысып-ақ жүр. Ал осы тұста Абайдың «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» деген сөзі тоқтау бола алуы керек.

Баға қазақстан, жаңа өркениет деп жатырмыз. Негізі біздің жаңа қазақстан-

ның өркениеті әлі қалыптасып үлгерген жоқ. Сол жаңа өркениетті қалыптастыруда, рухани жаңғыруда Абайдың қосар үлесі орасан. Себебі, біз өзімізге тән ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып қана алға қадам жасай аламыз. Бүгінгі адасқан өркениеттер арасында өзінді жоғалтып алмау аса маңызды. Бұл туралы Абай да, әл-Фараби да сөз етеді. Шындығында, екі ұстаздың шығармашылығында ұқсастықтар біршама. Екеуінің де айтқысы келген ойы бір. Қайрат, ақыл, жүрек, толық адам. Міне дәл осы сөздерді негізге алып, екеуі екі дәуірдің адамы болса да бірдей түсіндіруге ұмтылады. Қызығы сол, бұл ұғымдарды әлі жете түсіне алмай жүрміз. Оған себеп - Абай мен әл-Фараби мұраларын дұрыс түсіне алмауымыз.

Абайдың өмірбаянына назар аударар болсақ, бір адам мұнша ілімді қалай меңгерген деп таңданатынымыз рас. Адамзат баласы Абай шығармашылығы мен еңбектерін жоққа шығара алғанымен, оның каншалықты пайым көкжиегі кең тұлға болғандығын жоққа шығара алмайды. Сондықтан, Абайды оқытар тұста, ұлы ұстазбен таныстырар тұста бірден шығармашылығына назар аудартпай, оның кім болғанын көрсетіп-таныстырудың өзі жетістік. Абай шығармашылығын қанша жерден насихаттап жүргенімізбен, Абайдың өзі кім екенін әлі толық танып үлгермедік пе екенбіз деп қорқамын.

Абайдың дүниетанымдық көзқарасының біршама бөлігі «қара сөздерінде» жинақталған. Ұлы ақынды ұлықтаған тұста бұл сөздердің де маңызын анықтап бергеніміз жөн. Сондай-ақ, Абайдың қазақ менталитетіндегі кереғар әрі дұрыс емес тұстарын анық айқындап көрсетеді. Сол жаман жағымызбен күресуге әлі шамамыздың келмей жүргені де мақтанарлық жайт емес. Саясаттағы былықтарды «Болыс болдым, мінекей» деп соқырға таяқ ұстатқандай етіп көрсетіп берсе де, әлі де ол жағынан ақсап тұрғанымыз рас. Абайдың атын жамылып тек жалаң ұранға сала беру - ең үлкен қателігіміз. Ақынның дұрыс насихатталмауына бірден-бір әсер ететін де осы.

Абайдың шығармашылығымен танысқан соң барлығының «Абай жолын» оқуға қызығушылық танытатындары сөзсіз. Әлемнің біршама тіліне аударылып, өзіндік атаққа ие бола алған бұл еңбек бұдан кейін де кеңінен таралмаса, азаймайтыны рас. «Абай жолының» тек көркем шығарма ғана емес, бүкіл ұлттың ортақ қазынасы екенін дәріптеуіміз керек. Шығарманың ішіндегі әр кейіпкер бүгінгі қазақ қоғамының айнасы бола алады. Жалпы алып қарағанда «тегімді білгім келеді ұлтымды танығым келеді» дегеннің құралы осы кітап бола алса керек.

Егер, «Абай жолы айна болса», Абайдың өзі жол сілтеуші компас. Қазақтан шыққан ұлылар аз емес. Оның арасында ұлықтау керегі де, ұмытпау керегі де бар. Бастысы, Абай мұрасын толық зерттеп, дұрыс ұлықтай алу.

ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ - ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Міндетті мінсіз орындау – мемлекеттік қызметтегі дұрыс таңдау

Д. Абдрахманов,
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы

«Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден»

Әлихан Бөкейхан

Еліміздің әр азаматы өзінің атқаратын ісіне үлкен жауапкершілікпен қарап, ісін барынша жақсы деңгейде адал орындауға ниет танытса, мемлекеттің мықтылығы осы тұста айқындалады. Мемлекеттік қызметке келіп ант берген қызметші өзіне тиісті шектеулерді қабылдап, атқаратын міндеттерін мінсіз орындауға барын салуы тиіс. Мемлекеттік қызметшілердің негізгі міндеттері «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңында айқын әрі нақты көрсетілген.

Әр қызметші ең алдымен Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сақтауға міндетті. Одан

кейінгі

ең маңызды міндет – ол азаматтар мен заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету, әрі олардың өтініштерін заңнамада белгіленген тәртіп пен мерзімдерде қарау және олар бойынша қажетті шараларды қабылдау болып табылады.

Әдептілік еш уақытта өзектілігін жоғалтпайтын қасиет екенін ескерсек, осы әдептілік жайлы мемлекеттік қызмет туралы заңнамадағы міндеттер қатарында белгіленген екен. Бұл дегеніміз қызметкер қай кезде болмасын тек қызметтік тәртіпті, қызметтік әдепті сақтауға ғана емес сонымен қоса қызметтен тыс жерде де әдеп нормаларын сақтауға міндетті екендігіне меңзейді.

Тағы бір атап өтетін жайт, ол мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуі және өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті тек қызметтік мақсаттарда ғана пайдалануы тиіс. Осы тұста жиі кездесетін бұзушылықтар қатарынан табылатын мемлекеттік орган-

ның көлігін жеке мақсатта қолдану – аталған міндеттің орындалмауын көрсетеді, яғни бұзушылықтың туындауына әкеп соқтыратын іс-әрекет ретінде мысал бола алады.

Сонымен қоса, мемлекеттік қызметшілер өздеріне мәлім болған, дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы жоғары тұрған басшының және өздері жұмыс істейтін мемлекеттік орган басшылығының, сонымен қатар уәкілетті мемлекеттік органдардың назарына дереу жеткізіп қана қоймай бағынысты мемлекеттік қызметшілер тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға да міндеттелетінін атап өткен жөн.

Өзгерістер мен жаңашылдыққа толы заманда әр тұлға өзінің білімін арттыруға көңілді көптеп бөлсе, бұл да бір білімді, зиялы қоғам құрудың бірден-бірі жолы болса керек. Сондықтан да болар, өзінің лауазымдық міндеттерін тиімді атқару үшін мемлекеттік қызметші кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға міндетті.



Бұдан өзге міндеттер Қазақстан Республикасының заңдарында және Президенттің актілерінде белгіленуі мүмкін.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызметшілердің жоғарыдағы міндеттерді сақтай білуі мемлекеттік қызметтің адал атқарылуына

өз әсерін тигізіп қана қоймай, сонымен қатар мемлекеттік аппаратқа деген халықтың сенімін қалыптастырады деп санауға әбден болады.

Мақаланың эпиграфы ретінде алынған қанатты сөздің

иесі – қазақтың біртуар тарихи тұлғасы, Әлихан Бөкейханның өмірлік ұстанымы мен көзқарасы, оның ішінде мемлекеттік қызметке деген көзқарасы қазіргі таңда да өзінің өзектілігін жоғалтқан емес.

Ұлт мүддесі үшін басын бәйгеге тіккен нағыз патриот тәуелсіздік, теңдік, жер, тіл, білім, дәстүр, мәдениет, саясат, тіпті экономикалық мәселелерді көтерген. Оның қай еңбегін, қай қанатты сөзін алып қарасаңыз да бүгінгі күні қолданысы табы-

лар нағыз ақылдың қайнар көзі, қазынасы.

«Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық, саясат ісін ұғынбаса, тарих жолында тезек теріп қалады», «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын», «Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана»,

«Би ғаділ болмай, жұрт ісі ілгері баспайды»: міне осы сөздердің

өзінен-ақ тағылым алып, Әлихан Бөкейханша айтқанда ұлттың жоғын ұйықтап жүріп емес, ояу жүріп іздеуіміз керек.

Сондықтан елі үшін өмірін сарп еткен асыл атамыздың

«Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген сөзінен мемлекеттік қызметшінің міндетін мінсіз орындауы да мінезден деген түйін туындайды, әлбетте міндетті мінсіз әрі адал орындау – мемлекеттік қызметтегі дұрыс таңдау болатыны сөзсіз.

КӘСІПКЕРЛІК

«ХАЛЫҚ ТАҢАУ»

«Халық тану» халықаралық қоғамдық комитеті (бұдан әрі – «Халық тану» ХҚК) Қазақстан экономикасын дамытуға белсенді қатысатын немесе қатысуды жоспарлап отырған, Қазақстан Республикасының, сондай-ақ басқа да елдердің барлық салалық бағыттарындағы мамандар мен заңды тұлғаларды анықтау және ел халқының тануы мақсатында «Үздік» атағын береді. «Халық тану» үздік мамандарға, кәсіпорындардың басшыларына – экономиканың жеке, мемлекеттік және қоғамдық секторына «Үздіктерді» халықтық дауыс беру арқылы іріктеу жолымен, ұйымдастырушының www.pomogvsem.kz сайтында беріледі <http://www.pomogvsem.kz>.

«Халық тану» 3 номинация бойынша беріледі:

«2023 жылдың үздік мемлекеттік органы» (министрліктер, әкімдіктер, департаменттер, басқармалар, бөлімдер – Қазақстан халқы үшін өз қызметімен және жұмысымен жергілікті жерлерде толық берілгендік пен жауапкершілікті растаған мемлекеттік органдар);

«2023 жылдың үздік кәсіпорны» - ҚР және шет елдер экономикасының барлық салаларындағы коммерциялық құрылымдардың ішінен;

«Үздік маман 2023 жылдың» - Қазақстанның дамуына қосқан үлесі үшін ҚР және шет елдердің экономиканың барлық салаларының коммерциялық, мемлекеттік, қоғамдық құрылымдарынан.

«Халық тануға» қатысу үшін өтінім-

дер бере алады:

– өзін-өзі ұсынған жеке тұлғалар; - мемлекеттік, қоғамдық және коммерциялық мекемелер мен кәсіпорындардың басшылары.

«Халық тану» өткізу мерзімі:

2023 жылғы 11 шілдеден 26 қарашаға дейін-халықаралық деңгейдегі «Үздіктерге» халықтық дауыс беру.

Қатысуға өтінімдерді қабылдау (кандидаттарды ұсыну)

2023 жылғы 11 шілдеден 26 қарашаға дейін жүргізіледі. Өтініш парағын алу үшін ХҚК ұйымдастырушысына Instagram парағына жазылу керек: @pomog_vsem_kz және сол жерде өтініш парағына сұрау қалдыру керек.

Үміткерлерді бағалау кезінде Қазақстан экономикасының дамуына қосқан үлесі, жетістіктері туралы жарияланған мақалалары және «Үздік» атағына маманның немесе ұйымның қызметін көрсететін басқа да сипаттамалар ескерілетін болады.

Лауреаттарды марапаттау 2023 жылдың 15 желтоқсанында Алматы қаласында Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар барысында салтанатты жағдайда өтеді. «Халық тану» жеңімпаздары туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде және мемлекеттік органдардың сайттарында жарияланады.

«Халық тану» туралы толық ақпаратпен және ережелерімен ұйымдастырушының сайтындағы «Халық тану» бөлімінде танысуға болады.

«Халық тану»

ХҚК ұйымдастырушы комитеті

Международный общественный комитет «Халық тану» (далее – МОК «Халық тану») присваивает звание «Лучший», в целях выявления и признания народом страны специалистов и юридических лиц, всех отраслевых направлений, как в Республике Казахстан, так и других стран, активно участвующих или планирующих участвовать в развитии экономики Казахстана. «Халық тану» присваивается лучшим специалистам, руководителям предприятий – частного, государственного и общественного сектора экономики, путём отбора «Лучших», народным голосованием на сайте организатора - www.pomogvsem.kz.

«Халық тану» присваивается по 3 номинациям:

«Лучший государственный орган 2023 года» (министерства, акиматы, департаменты, управления, отделы) – государственные органы, подтвердившие своей деятельностью и службой для народа Казахстана, полную преданность и ответственность на местах;

«Лучшее предприятие 2023 года» - из числа коммерческих структур всех отраслей экономики РК и зарубежных стран;

«Лучший специалист» – из числа государственных, общественных и коммерческих структур всех отраслей экономики РК и зарубежных стран, за вклад в развитие Казахстана.

Заявки на участие в «Халық тану» могут вноситься:

- физическими лицами – самовыдвиженцами; - руководителями государственных, общественных и коммерческих учреждений и предприятий.

Сроки проведения «Халық тану»:

С 11 июля по 26 ноября 2023 года – Народное голосование за «Лучших» международного уровня.

Приём заявок на участие (выдвижение кандидатов) производится

с 11 июля по 26 ноября 2023 года. Для получения заявочного листа, необходимо подписаться на организатора МОК в Instagram: @pomog_vsem_kz и там же оставить запрос на заявочный лист.

При оценке кандидатов будут учитываться вклад в развитие экономики Казахстана, опубликованные статьи достижений и другие характеристики, отражающие деятельность специалиста или организации на звание «Лучший».

Награждение лауреатов пройдет в торжественной обстановке во время проведения мероприятий, приуроченных к Дню Независимости – 15 декабря 2023 года в городе Алматы. Сведения о победителях «Халық тану» будут размещены в средствах массовой информации, соцсетях и на сайтах государственных органов.

С полной информацией и положением «Халық тану», можно ознакомиться на сайте организатора в разделе «Халық тану».

Оргкомитет
МОК «Халық тану»

Саран қалалық мәслихатының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 186 «2023 - 2025 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Саран қалалық мәслихаты ШЕШТІ:
1. «2023-2025 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» Саран қалалық мәслихатының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 186 шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:
1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«1. 2023-2025 жылдарға арналған қалалық бюджет тисініне 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2023 жылға, келесі көлемдерде бекітілсін:
1) кірістер – 12 120 987 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер – 4 319 732 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 100 290 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 189 258 мың теңге; трансферттер түсімдері – 7 511 707 мың теңге;
2) шығындар – 13 054 178 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 33647 мың теңге;

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 33647 мың теңге; 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге; қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге; мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге; 5) бюджет тапшылығын (профицит) – 899 544 мың теңге; 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 899 544 мың теңге; қарыздар түсімі – 0 мың теңге; қарыздарды өтеу – 33 647 мың теңге; бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 933 191 мың теңге.»;
нәрсетілген шешімнің 1,4-қосымшалары осы шешімнің 1,2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

О. БАЙМАҒАНБЕТОВ

Саран қалалық мәслихатының 2023 жылғы 3 тамыздағы № 50 шешіміне 1-қосымша Саран қалалық мәслихатының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 186 шешіміне 1-қосымша 2023 жылға арналған қалалық бюджет

Table with 5 columns: Санаты, Сыныбы, Кіші сыныбы, Атауы, Сомасы (мың теңге). It lists various budget categories and their corresponding amounts.

Table with 6 columns: Функционалдык топ, Кіші функция, Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі, Бағдарлама, Атауы, Сомасы (мың теңге). It details functional groups and budget programs.

(Жалғасы 5 бетте)

О внесении изменений в решение Саранского городского маслихата от 21 декабря 2022 года № 186 «О городском бюджете на 2023-2025 годы»

Саранский городской маслихат РЕШИЛ:
1. Внести в решение Саранского городского маслихата «О городском бюджете на 2023-2025 годы» от 21 декабря 2022 года № 186 следующие изменения:
пункт 1 изложить в новой редакции:
«1. Утвердить городской бюджет на 2023 – 2025 годы согласно приложениям 1, 2, 3, соответственно, в том числе на 2023 год, в следующих объемах:
1) доходы – 12 120 987 тысяч тенге, в том числе по: налоговому поступлением – 4 319 732 тысяч тенге; неналоговым поступлениям – 100 290 тысяч тенге; поступлениям от продажи основного капитала – 189 258 тысяч тенге; поступлениям трансфертов – 7 511 707 тысяч тенге;
2) затраты – 13 054 178 тысяч тенге;
3) чистое бюджетное кредитование – 33 647 тысяч тенге;

бюджетные кредиты – 0 тысяч тенге; погашение бюджетных кредитов – 33 647 тысяч тенге; 4) сальдо по операциям с финансовыми активами – 0 тысяч тенге; приобретение финансовых активов – 0 тысяч тенге; поступления от продажи финансовых активов государства – 0 тысяч тенге; 5) дефицит (профицит) бюджета – 899 544 тысяч тенге; 6) финансирование дефицита (использование профицита) бюджета – 899 544 тысяч тенге; поступление займов – 0 тысяч тенге; погашение займов – 33 647 тысяч тенге; используемые остатки бюджетных средств – 933 191 тысяч тенге.»; приложение 1, 4 к указанному решению изложить в новой редакции согласно приложениям 1, 2 к настоящему решению.
2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2023 года.

Председатель маслихата

О. БАЙМАҒАНБЕТОВ

Приложение 1 к решению Саранского городского маслихата от 3 августа 2023 года № 50 Приложение 1 к решению Саранского городского маслихата от 21 декабря 2022 года № 186 Городской бюджет на 2023 год

Table with 5 columns: Категория, Класс, Подкласс, Наименование, Сумма (тысяч тенге). It provides a detailed breakdown of the city budget for 2023.

Table with 6 columns: Функциональная группа, Функциональная подгруппа, Администратор бюджетных программ, Программа, Наименование, Сумма (тысяч тенге). It details functional groups and budget programs.

(Продолжение на 5 стр.)

(Басы 4 бетте)

Саран қалалық мәслихатының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 186 шешіміне 1-қосымша

(Начало на 4 стр.)

Приложение 1 к решению Саранского городского маслихата от 21 декабря 2022 года № 186

Класс	Подкласс	Наименование	Сумма (тысяч тенге)
001		Услуги по реализации государственной политики в области архитектуры и градостроительства на местном уровне	20187
12		Транспорт и коммуникация	1459320
	1	Автомобильный транспорт	1128691
		492 Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции района (города областного значения)	1128691
		023 Обеспечение функционирования автомобильных дорог	479758
		045 Капитальный и средний ремонт автомобильных дорог районного значения и улиц населенных пунктов	648933
	9	Прочие услуги в сфере транспорта и коммуникаций	330629
		492 Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции района (города областного значения)	330629
		037 Субсидирование пассажирских перевозок по социально значимым городским (сельским), пригородным и внутрирайонным сообщениям	330629
13		Прочие	296652
	3	Поддержка предпринимательской деятельности и защита конкуренции	69366
		467 Отдел строительства района (города областного значения)	59378
		026 Развитие индустриальной инфраструктуры в рамках национального проекта по развитию предпринимательства на 2021 – 2025 годы	59378
		806 Отдел сельского хозяйства, земельных отношений и предпринимательства района (города областного значения)	9988
		012 Поддержка предпринимательской деятельности	9988
	9	Прочие	227286
		459 Отдел экономики и финансов района (города областного значения)	87286
		012 Резерв местного исполнительного органа района (города областного значения)	87286
		492 Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции района (города областного значения)	140000
		044 Текущее обустройство моногородов	140000
14		Обслуживание долга	158548
	1	Обслуживание долга	158548
		459 Отдел экономики и финансов района (города областного значения)	158548
		021 Обслуживание долга местных исполнительных органов по выплате вознаграждений и иных платежей по займам из областного бюджета	158548
15		Трансферты	660026
	1	Трансферты	660026
		459 Отдел экономики и финансов района (города областного значения)	660026
		006 Возврат неиспользованных (недоиспользованных) целевых трансфертов	312321
		038 Субвенции	347678
		054 Возврат сумм неиспользованных (недоиспользованных) целевых трансфертов, выделенных из республиканского бюджета за счет целевого трансферта из Национального фонда Республики Казахстан	27
		III. Чистое бюджетное кредитование	-33647
		Бюджетные кредиты	0

Санаты	Сыныбы	Атауы	Сомасы (мың тенге)
1	2	3	4
5	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	33647
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	33647
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	33647
		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	33647

Кіші функция	Атауы	Сомасы (мың тенге)
1	2	3
	Бағдарлама	5
	IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
	Қаржы активтерін сатып алу	0

Санаты	Сыныбы	Атауы	Сомасы (мың тенге)
1	2	3	4
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		Атауы	Сомасы (мың тенге)
		1	2
		V. Бюджеттің тапшылығы (профициті)	-899544
		VI. Бюджет тапшылығын (профицитін пайдалану) қаржыландыру	899544

Кіші функция	Атауы	Сомасы (мың тенге)	
1	2	3	
	Бағдарлама	5	
16	Қарыздарды өтеу	33647	
	1	Қарыздарды өтеу	33647
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	33647
	005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	33647

Саран қалалық мәслихатының 2023 жылғы 3 тамыздағы № 50 шешімге 2-қосымша
Саран қалалық мәслихатының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 186 шешіміне 4-қосымша

2023 жылға жоғары тұрған бюджеттерден Саран қаласына бөлінген нысаналы трансферттер

Атауы	Сом, (мың тенге)
1	2
Барлығы	5 178 728
оның ішінде:	
Ағымдағы нысаналы трансферттер республикалық бюджет есебінен	262673
халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына тұрғын үй коммуналдық қорынан тұрғын үй сатып алуға	96000
облыстық бюджеттен, оның ішінде:	166673
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына	87540
аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына (қала көшелеріне) және елді мекендер көшелеріне орташа жөндеу жүргізуге	79133
Дамуға арналған нысаналы трансферттер республикалық бюджеттен, оның ішінде:	4 916 055
Қарағанды облысы, Саран қаласының үйлер мен әлеуметтік мәдени тұр-мыс объектілерін жерасты төсемінің жылу желілеріне қосу	500000
Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен	2616055
Саран қаласында қазандық салу (аяқталмаған құрылыс)	1705296
Әлеуметтік мәдени тұрмыс объектілері мен үйлерді жерасты төсемінің жылу желілеріне қосу Саран қаласы, Қарағанды облысы	600000
Қарағанды облысы Саран қаласында екінші су көтеруге арналған резер-вуар салу	310759
облыстық бюджеттен, оның ішінде:	1800000
Қарағанды облысы, Саран қаласының үйлер мен әлеуметтік мәдени тұр-мыс объектілерін жерасты төсемінің жылу желілеріне қосу	100000
Ақтас кенті, Первомайский көшесіндегі №16 «Б» үйдің аймағында орналасқан, 150 көрмерменге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу	200000
Саран қаласы, 3-шағынаудан, №19 үй (РТБ) мекенжайындағы үйді қайта жаңарту	300000
Саран қаласында қазандық салу (аяқталмаған құрылыс)	1200000

Категория	Класс	Подкласс	Наименование	Сумма (тысяч тенге)
1	2	3	4	5
5	01		Погашение бюджетных кредитов	33647
			Погашение бюджетных кредитов	33647
			Погашение бюджетных кредитов	33647
		1	Погашение бюджетных кредитов, выданных из государственного бюджета	33647

Функциональная группа	Функциональная подгруппа	Наименование	Сумма (тысяч тенге)
1	2	3	4
		Администратор бюджетных программ	6
		Программа	6
		IV. Сальдо по операциям с финансовыми активами	0
		Приобретение финансовых активов	0

Категория	Класс	Подкласс	Наименование	Сумма (тысяч тенге)
1	2	3	4	5
			Поступление от продажи финансовых активов государства	0
			Наименование	Сумма (тысяч тенге)
			1	2
			V. Дефицит (профицит) бюджета	-899544
			VI. Финансирование дефицита (использование профицита) бюджета	899544

Функциональная группа	Функциональная подгруппа	Наименование	Сумма (тысяч тенге)	
1	2	3	4	
		Администратор бюджетных программ	6	
		Программа	6	
		Наименование	6	
16		Погашение займов	33647	
	1	Погашение займов	33647	
		Отдел экономики и финансов района (города областного значения)	33647	
		005	Погашение долга местного исполнительного органа перед вышестоящим бюджетом	33647

Приложение 2 к решению Саранского городского маслихата от 3 августа 2023 года № 50
Приложение 4 к решению Саранского городского маслихата от 21 декабря 2022 года № 186

Целевые трансферты, выделенные из вышестоящих бюджетов городу Сарани на 2023 год

Наименование	Сумма, (тысяч тенге)
1	2
Всего	5 178 728
в том числе:	
Целевые текущие трансферты за счет республиканского бюджета	262673
на приобретение жилья коммунального жилищного фонда для социально уязвимых слоев населения за счет областного бюджета, в том числе:	96000
на жилищно-коммунальное хозяйство	166673
на проведение среднего ремонта автомобильных дорог районного значения (улиц города) и улиц населенных пунктов	87540
Целевые трансферты на развитие:	79133
из республиканского бюджета, в том числе:	4 916 055
Подключение домов и объектов соцкультбыта, к тепловым сетям подземной прокладки город Сарань, Карагандинской области	500000
за счет целевого трансферта из Национального фонда Республики Казахстан	2616055
Строительство котельной в городе Сарань (незавершенное строительство)	1705296
Подключение домов и объектов соцкультбыта к тепловым сетям подземной прокладки город Сарань, Карагандинская область	600000
Строительство резервуара на второй водоподъём в городе Сарани Карагандинской области	310759
из областного бюджета, в том числе:	1800000
Подключение домов и объектов соцкультбыта, к тепловым сетям подземной прокладки город Сарань, Карагандинской области	100000
Строительство физкультурно-оздоровительного комплекса на 150 зрительских мест, расположенного в районе дома №16 "Б" по улице Первомайская, поселок Актас	200000
Реконструкция дома, по адресу: город Сарань, микрорайон 3, дом №19 (РТИ)	300000
Строительство котельной в городе Сарань (незавершенное строительство)	1200000

Саран қалалық мәслихатының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 187 «2023-2025 жылдарға арналған Ақтас кентінің бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Саран қалалық мәслихаты ШЕШТІ:
1. Саран қалалық мәслихатының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы 17 сессиясының № 187 «2023-2025 жылдарға арналған Ақтас кентінің бюджеті туралы» шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:
1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:
«1. 2023-2025 жылдарға арналған Ақтас кентінің бюджеті 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2023 жылға 1 қосымшаға сәйкес, келесі көлемде бекітілсін:
1) кірістер – 614 665 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдері – 38 774 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 386 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 636 мың теңге; трансферттер түсімдері – 574 869 мың теңге;
2) шығындар – 617 691 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге;
Мәслихат төрағасы

О внесении изменений в решение Саранского городского маслихата от 21 декабря 2022 года № 187 «О бюджете поселка Актас на 2023-2025 годы»

Саранский городской маслихат РЕШИЛ:
1. Внести в решение 17 сессии Саранского городского маслихата от 21 декабря 2022 года № 187 «О бюджете поселка Актас на 2023-2025 годы» следующие изменения:
пункт 1 изложить в следующей редакции:
«1. Утвердить бюджет поселка Актас на 2023 – 2025 годы согласно приложениям 1, 2, 3 соответственно, в том числе на 2023 год, согласно приложению 1, в следующих объемах:
1) доходы – 614 665 тысяч тенге, в том числе по: налоговым поступлениям – 38 774 тысяч тенге; неналоговым поступлениям – 386 тысяч тенге; поступления от продажи основного капитала – 636 тысяч тенге; поступлениям трансфертов – 574 869 тысяч тенге;
2) затраты – 617 691 тысяч тенге;
3) чистое бюджетное кредитование – 0 тысяч тенге;
Председатель маслихата

Саран қалалық мәслихатының 2023 жылғы 03 тамыздағы № 51 шешіміне қосымша Саран қалалық мәслихатының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №187 шешіміне 1-қосымша

Приложение к решению Саранского городского маслихата № 51 от 3 августа 2023 года Приложение 1 к решению Саранского городского маслихата от 21 декабря 2022 года № 187

Ақтас кентінің 2023 жылға арналған бюджеті

Table with columns: Санаты, Сыныбы, Кіші сыныбы, Атауы, Сомасы (мың теңге). Rows include categories like Кірістер, Табыс салығы, Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер.

Бюджет поселка Актас на 2023 год

Table with columns: Категория, Класс, Подкласс, Наименование, Сумма (тысяч тенге). Rows include categories like Доходы, Налоговые поступления, Подоходный налог.

Table with columns: Функциональный топ, Кіші функция, Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі, Бағдарлама, Атауы, Сомасы (мың теңге). Rows include various functional groups like Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер, Аудандық маңызды бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты.

Table with columns: Функциональная группа, Функциональная подгруппа, Администратор бюджетных программ, Программа, Наименование, Сумма (тысяч тенге). Rows include groups like Заплаты, Государственные услуги общего характера, Представительные, исполнительные и другие органы.

Table with columns: Функциональный топ, Кіші функция, Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі, Бағдарлама, Атауы, Сомасы (мың теңге). Rows include categories like IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо, Қаржы активтерін сатып алу.

Table with columns: Функциональная группа, Функциональная подгруппа, Администратор бюджетных программ, Программа, Наименование, Сумма (тысяч тенге). Rows include categories like IV. Сальдо по операциям с финансовыми активами, Приобретение финансовых активов.

Table with columns: Санаты, Сыныбы, Кіші сыныбы, Атауы, Сомасы (мың теңге). Rows include categories like V. Бюджеттік тапшылығы (профицит), VI. Бюджет тапшылығын (профицитін пайдалану) қаржыландыру.

Table with columns: Категория, Класс, Подкласс, Наименование, Сумма (тысяч тенге). Rows include categories like V. Дефицит (профицит) бюджета, VI. Финансирование дефицита (использование профицита) бюджета.

ПОЗДРАВЛЯЕМ!

В каждом возрасте своя прелесть. Ведь возраст - это понимание того, что это твоя собственная зрелая красота. От всего сердца поздравляем с 75-летним юбилеем наших дорогих июльских юбиляров: Бобебаеву Людмилу Ивановну, Шляхтину Татьяну Васильевну.

С Днем рождения: Айтбаеву Шамшию Айтбаевну, Ножевникову Наталью Яковлевну, Шашкину Наталью Николаевну, Бондарь Лидию Георгиевну.

Пусть ваша тропинка ЖИЗНИ вьётся по пути удачи и везения. Душа не перестает петь и мечтать, а сердце биться в ритме СЧАСТЬЯ!

Крепкого здоровья и всех земных благ!

Совет ветеранов образования



Говорят, есть на свете женщины, гармонично наделенные всеми достоинствами – прекрасны лицом так же, как прекрасны душой, умны и великодушны, рассудительны и дружелюбны, они готовы дарить свое тепло и любовь без остатка своей семье и своим воспитанникам. Сегодня мы можем сказать – мы знаем такую женщину и в эту минуту поздравляем ее с Днем рождения! Пусть Ваша жизнь складывается так ладно, как в сказке, пусть всегда рядом будут родные, а в доме будет достаток, тепло и уют! Воспитанники старшей группы и их родители от всей души поздравляют нашу Кан Наталью Леонидовну с Днём Рождения!

Администрация, попечительский совет, родительский комитет КГУ «Школа-интернат №7» выражают благодарность меценатам, оказавшим помощь при проведении косметических ремонтных работ: Это - ТОО «СКЕП» Исенову Ш.М., ТОО «Sigma» Т.Г.Мажитову, ТОО «КСЕР» С.Н. Ким, магазин «Раушан» Мамедову Р.С., магазин «СтройМарт» Досжанову Б., депутату Саранского городского маслихата Савчину Я.Н.

Благодарим руководство ТОО "А. V.GROUP" Алескерова В.В. за поддержку детского школьного проекта «Зеленая школа» и установку теплицы для пришкольного участка.

В целях предупреждения и профилактики подростковой преступности, в т.ч. пресечение правонарушений среди учащихся организаций образования, выявление административных правонарушений в сфере защиты прав несовершеннолетних, повышение их правовой грамотности, а также предупреждение преступных посягательств в отношении детей на территории г. Сарани с 8 по 11 августа проводится оперативно-профилактическое мероприятие "Подросток".

ОП г. Сарани

ПОДПИСКА

ИНДИВИДУАЛЬНАЯ:
ГОДОВАЯ - 3600 ТГ.
ПОЛУГODOВАЯ - 1800 ТГ.
ТРИ МЕСЯЦА - 900 ТГ.

АЛЬТЕРНАТИВНАЯ:
ГОДОВАЯ - 2650 ТГ.
ПОЛУГODOВАЯ - 1325 ТГ.
ТРИ МЕСЯЦА - 662 ТГ.

ЮРИДИЧЕСКАЯ:
ГОДОВАЯ - 5818,88 ТГ.
ПОЛУГODOВАЯ - 2909,44 ТГ.



**БУДЬТЕ В КУРСЕ
ВСЕХ НОВОСТЕЙ В ГОРОДЕ!**

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ



КИЕЛІ – ТУҒАН ТІЛІМ

Ж. Джумашева,
Саран қаласының Полиция бөлімі

Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіл болмаса, сөз болмайды. Адамзаттың тірлігінде мән – мағына болмайтыны белгілі.

Демек, тілдің, сөздің орны ерекше. Міне, осы орайда ана тіліміз жайлы терең ойлану әрқайсымыз үшін парыз. Жыл өткен сайын ана тіліміздің мәртебесі өсіп, абыройы арта түсуде. Тіл – халықтың жаны. Тілі құрыса, халық та жер бетінен

жоғалады. Адамзат тарихында көптеген өркениетті елдердің өшіп кетуі алдымен тілді жоғалтудан басталғанын ғылым дәлелдеп отыр. Бүгін қазақ қоғамындағы мәңгірттіктің басы да өз тілін тәрк етуден туды. Қазақ болып туылған соң, өз жерімізде тұрып, өз ана тіліміз – мемлекеттік тілде сөйлемеу, оны құрметтемеу бәрімізге өте ұятты іс. Сондықтан да, «Тілден биік асқар жоқ, тілден асқан байлық жоқ, тілден терең теңіз жоқ – деп Ғабит Мүсірепов айтқандай, Ана тілімізді ардақтайық!»


Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тіл мәртебесі – ел мерейі. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін, тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек.



Продается 2-этажный коттедж с мебелью и бытовой техникой. В доме – центральная канализация и водопровод. На территории двора уложена брусчатка, есть беседка на 12 человек с коваными столами и скамьями, камин из шамотного кирпича, огород, теплица. Котельная расположена вне дома, установлен котел «DAKON» (пр-во Чехия), очень экономичный. Фасады дома, котельной, хоз. построек отделаны сайдингом. Реальному покупателю – торг. Если телефон недоступен, пишите в ватсап. Все вопросы по номеру: 8 – 701 – 615 – 89 – 75.

РЕКЛАМА ОБЪЯВЛЕНИЯ ПОЗДРАВЛЕНИЯ

На LED экране



**Подавайте
объявления
НЕ ВЫХОДЯ
ИЗ ДОМА!**

+7 775 945 23 23

ПН-ПТ С 9.00 ДО 18.00 ЧАСОВ

**Саран
газеті**

И.о. директора
ТОО «Саран
тынысы»,
главный редактор
Б.Е. МАЙПАСОВА

Отв. секретарь
Ш.Ш. КОШЕГУЛОВ

Газета зарегистрирована
в Министерстве
информации и
коммуникаций
Республики Казахстан.
Свидетельство 16307-Г
от 18.01.2017 г.
(номер и дата первичной
постановки на учет
№ 869-Г, 16.09.1999 г.)

Собственник:
ТОО «Саран
тынысы»

Учредитель:
аппарат акима
г. Сарани

Адрес
редакции:
101200
г. Сарань,
ул. Жамбыла, 69/1

Тел., факс: 5-10-15
sarangazeti@mail.ru

Выходит
два раза в
неделю,
форматом А-3
Тираж 1100

Газета
набрана
и сверстана
в редакции

Распространяется
по подписке и в розницу
в г. Сарани и пос. Актас

Отпечатано в ТОО
«Типография «Арко»
100009
г. Караганда,
ул. Сатпаева, 15

Печать офсетная.
Заказ № 63

Опубликованные матери-
алы не всегда отражают
точку зрения редакции.
Ответственность за
достоверность сведений,
содержащихся в публика-
циях и рекламном тексте,
несут авторы публикаций
и рекламодатели.